

МӘДЕНИЕТТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Мәдениеттану пәнін оқытуда қойылатын негізгі талап – дидактикалық ұстанымдардың ғылыми және жүйелік шарттарын сақтау. Мәдениеттану пәнінің мазмұны мен тақырыптары ғылыми тұрғыдан негізделіп, төмендегідей ережелерге арқа сүйеуі қажет:

1. Мәдениеттану білімінің мазмұны «5B020400 – МӘДЕНИЕТТАНУ» мамандығы бойынша пәндердің типтік оқу бағдарламаларына сәйкес келуі қажет. Осы типтік бағдарламаны басшылыққа ала отырып мәдениеттану пәнінің оқытушы-профессоры мәдениет ұғымы, теориясы, мәдениеттану пәнінің құрылымы, мәдениет генезисі, мәдениет түрлері, әлемдік мәдениеттер мен Қазақ халқының мәдени жетістіктері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, мәдени саясат туралы ғылыми түсінік беруі қажет. Студенттер мәдениет пен мәдениеттану пәнінің жаңа дискурстарын, бағыттарын бағалай білу маңызды.

2. Мәдениеттану пәнінің ғылыми білім берудің дидактикалық ұстанымдарының бірі студенттерге мәдениеттану ғылымының әдістері туралы нақты мәліметтер беру. Мәдениеттану пәнінен сабақ беру барысында жетекші мәдени антрополог, ғылым-зерттеушілердің ғылыми ізденістері мен еңбектерімен таныстырады. Мәдениеттану пәні оқытушысының негізгі мақсаты – студенттерге мәдениет, мәдениеттану ғылымының әдістері мен гносеологиялық заңдылықтары туралы шынайы түсінік беру болып саналады.

3. Оқыту процесіндегі келесі талап – мәдени құбылыстарды, мәдени саясатты, бағыттарды бүгінгі өмірмен байланыстыру. Кешегі тарих пен бүгінгі мәдени жетістіктерді саралау. Бұндай дидактикалық әдіс мәдениеттану пәнінің тәжірибелік қырын күшейтеді. Оқу материалдарын дәлелдеп, пәннің өзектілігін ашады.

Мәдениеттану пәні сабағында және оқыту процесіне қойылатын талаптар педагогикалық мақсат негізінде мәдени-тарихи, археологиялық материалдарды қазіргі заманмен ұштастыру мынадай жолдармен жүзеге асырылуы тиіс:

Оқытушы студенттерге мәдени оқиғаларды, мәдениеттану саласына қатысты материалдарды қысқаша түсіндіріп, сол заманның ерекшеліктерін ескертуі маңызды.

Өткен замандардағы мәдени құбылыстар мен оқиғалар, жеткен жетістіктер, жаңа бағыттар қазіргі заманның оқиғаларымен салыстыру, теңеу;

Оқу процесінде оқытылып жатқан тақырыптардың бүгінгі заман үшін қажеттілігін, өзектілігін саралау;

Әр замандарда халықтың басынан өткен мәдени оқиғалар, мәдениет түрлерінің тәуелсіз Қазақ халқы үшін қажеттілігі мен бағалануы.

МӘДЕНИЕТТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Қолдарыңыздағы әдістемелік құралдың бір қыры мәдениеттану пәнін қалай оқыту керек деген сұраққа ізденістен туындаған. Кез-келген пәннің өзіндік оқыту әдістері мен жолдары бар. Сол әдістерді болашақ маман жақсы меңгерген кезде пәннің мақсат, міндеттері өз нәтижесіне жетеді. Олай болса назарларыңызға кешенді әдістемелік құралды ұсынуды жөн көрдім.

Әдіс (метод) – оқу-тәрбие жұмыстарын нәтижелі дұрыс орындау мақсатында оқытушы мен студенттің бірлескен жұмысы. Әдістерді қолдану барысында істелетін жұмыс, оқу процесі ретке келтіріледі. Сабақ барысы жеңіл, нәтижелі, алған білімде сіңімді болатындығы анық.

Оқыту әдістері гносеологиялық қызығушылық туғызып, студенттің ақыл-ойын өсіреді, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – студенттің танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілер, мәліметтер білуді қамтамасыз етіп, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Қазіргі технологияның қарыштап дамуы педагогика ғылымын икемді қылып оқытушының сабақ беруде және оқытуда әртүрлі әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Антика дәуірінің ойшылы Сократ дәріс оқып, ұстаздық қызмет жасаған. Сократтың қолданған әдісі «маевтика» - деп аталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқытушы шәкіртіне сұрақ қою арқылы білім алушыны жетектеп, білімді өзі іздеп табуына көмектесу әдісін қолданған.

Аристотель болса, саябаққа серуендеп жүріп шәкірттеріне дәріс оқыған, сұхбаттар жүргізу әдісін пайдаланған екен. Табиғат аясында білімді игеру әлде қайда нәтижелі болады деп ойлаған болар.

Ал, француз ойшылы Мишель Монтень болса, жеке дара оқыту әдісін, білім алушының білімге құмарлығын, өз алдына ізденімпаздығына көп мән берген.

Мәдениеттану пәнін оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты – Білім және ғылым министрлігі бекіткен Мәдениеттану білім беру бағдарламасына сай құзіреттілігі мен дағдысына үйрету. Гуманитарлық білім беру жүйесінде мәдениеттану пәнінің ерекшелігін қарастыру.

Мәдениеттану пәнін оқыту әдістемесі пәнінің міндетіне жоғары оқу орындарында мәдениеттану курсы оқытудың жаңаша, инновациялық әдістерін қолдану. Әдіс кез-келген жұмысты жеңілдетіп, алдыға қойған мақсатқа жетуге жол ашады. Әдістердің түрлері де бір-біріне жақын, бірін бірі толықтырып тұрады.

Оқыту әдістері (ежелгі грек тілінен аударғанда зерттеу жолы, тану деген мағына береді) яғни, белгілі бір мақсатқа жету әдісі. Ал, біздің тақырыпқа сай ұстаз бен мен шәкірттің өзара әрекеттесу тәсілі. Оқытуды қабылдау – нақты білім, білік, дағдыларды беруге және игеруге бағытталған оқытушы мен студенттердің қысқа мерзімді өзара әрекеті.

Оқыту әдістері қандай?

Көбінесе студенттер оқыту әдісін таңдамай, жоғары оқу орны ұсынған әдісті қабылдайды. Дегенмен, педагогикада қандай әдістер мен тәсілдер бар? Олардың тиімді немесе тиімсіз жақтары қандай?

Бүгінгі ақпараттық технологияның қарыштап дамыған дәуірінде тәжірибелі ұстаздар, оқытушылар қолданып жүрген әдіс-тәсілдер сан алуан. Солардың кейбіреуіне тоқталып, сіздермен бірге талдап көрейік.

ПАССИВТІ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Ең тиімдісі болмаса да, кеңінен таралған оқыту әдісі. Бұл әдістің бір ерекшелігі студенттердің оқу процесінің белсенді қатысушылары емес, пассивті тыңдаушылары екендігінде. Оқытушы олардан тек сауалнамалар немесе сынақтар кезінде кері байланыс алады.

Бұл әдістеменің ең кең тараған түрі – дәріс. Бүгінгі таңда пассивті оқыту әдісі ең тиімді болып саналады. Бірақ оның артықшылықтарына сабақ барысында ақпараттың үлкен көлемін беру мүмкіндігі және оқыту тарапынан салыстырмалы түрде оңай дайындалуында. Совет заманында

осындай пассивті, монологты түрде баяндап түсіндіретін оқыту әдісі көп қолданған. Профессор аудиторияға келіп, қағаз, конспектіге қарамай дәріс оқып кете баратын. Кері байланыс, аудиториямен байланыс орнату болмайтын.

Дәріс сабағында студенттерге конспект жазуға үйрету, жиі қолданылатын қысқартулар мен белгілерді көрсету, дәріс материалдарын толықтырып, өздігінше іздену, ақпарат көздерімен жұмыс жасауды үйретуді ұмытпаған дұрыс. Өз кезегінде дәрістердің мынадай түрлері бар: тарихи дәріс, пәнге кіріспе дәріс, жалпы дәріс, алдын ала жазылған дәріс, сұхбат дәріс болып бөлінеді.

Интерактивті оқыту әдісі барысында оқытушы мен студент арасында еркін қарым-қатынас орнайды. Бұл оқыту әдісі студенттерге икемді әрі демократиялық режимді ұстанады.

Интерактивті оқыту әдісі бүгінгі таңдағы ең көп тараған, әрі кеңінен қолданылатын оқыту әдісі. Сабақ барысында шығармашылық тапсырмалар, шағын топтарда жұмыс, пікірталас ұйымдастырылады. Рөлдік ойындар ойнатылып топтағы барлық студенттер тартылатын демократиялық оқытудың түрін айтамыз.

Интерактивті оқыту – бұл ең алдымен студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын оқытудың ең тиімді түрі. Сабақ жоспары мен мақсаты алдын ала толық айқындалған және алдын ала болжауға болатын оқыту әдісі. Сабақтағы интерактивті білім беру әдісі өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушылардың әрқайсысы белгілі бір мәселені, тақырыпты бірлесіп шешуге және сабақты ұйымдастыру мен қалай қарым-қатынас жасауды үйретеді.

Интерактивті оқыту барысында студенттердің өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоцияналдық сезімдерін тудырып жетістікке жетуге кепілдік береді. Интерактивті оқыту – оқытушы мен студенттің іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыруға негізделген.

Интерактивті оқыту әдісін пайдалану кезінде өмірлік ситуацияларды модельдеу, рөлдік ойындарды қолдану, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Интерактивті оқытудың басты қағидаларына орта қалыптастыру, өзіндік ұстанымын дәлелдеуге үйрету, өз алдына әрекет етуге баулу және күнделікті өмірмен байланыстыру.

Интерактивті оқытудың мақсаты – студенттер арасында еркін, ашық, әділ, тең дәрежелі шығармашылық қарым-қатынас орнату. Студенттің өз алдына ізденуге мүмкіндік беру.

Интерактивті әдісті қолдануды дағдыға айналдырғанда студент басқа студенттермен араласу, талқылау кезінде ашыла түседі. Тәжірибе жинақтайды. Өзінің айтқан сөзіне логикалық түсініктеме береді. Өз ойын терең ойланып айтатын болады. Бір-бірінен жаңа білім, жаңа идея алады. Өз мақсатына жету үшін ойын, тұжырымын дәлелдеуге үйренеді.

Интерактивті оқытудың артықшылығына студенттің жаңа білім алуына қызығушылығын туғызып, оқу материалдарын тиімді меңгеруге үйретеді.

Оқытудың озық технологиясы мен әдістерін меңгеру ең алдымен оқытушының кәсіби шеберлігіне байланысты. Сабақ барысында интерактивті әдістерді қолдану оқытушының жұмысын өнімді, нәтижелі, ал студенттердің білім алу іс-әрекетін мәнді, мазмұнды, қызықты, пайдалы ететіндігі анық.

Интерактивті оқытудың өз ішінде бірнеше әдістері бар. Оларға іскерлік оқыту, рөлдік ойындар, тестілеу, сұхбат алу, проблемалық оқыту, топтық дискуссия, миға шабуыл және тағы басқа әдістері кеңінен қолданылады.

Оқытудың сан алуан түрлері технологияның қарыштап дамыған заманында кеңінен қолданылады. Солардың негізгілеріне тоқталып көрейік: